

## Тұпқараған ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы маңсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

### ***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 қазандағы № 34/235 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қарашада № 2874 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 маусымдағы № 45/336 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 26.06.2020 № 45/336 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

**Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 509 бабының 5 тармағына, 704 бабына сәйкес, Тұпқараған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Ескерту.** Кіріспе- жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 29.03.2018 № 18/157 шешімімен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Тұпқараған ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы маңсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Тұпқараған аудандық мәслихатының басшысы (А.Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тұпқараған аудандық мәслихатының бюджеттік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (комиссия төрағасы А.Шарипов) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы:*

*Аудандық мәслихат хатшысы:*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Тұпқараған ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы:  
Ж.Өтепбергенова  
29 қазан 2015 жыл

*A.Тасболатов*

*А.Досанова*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Тұпқараған аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы:  
А.Жұмағазиев  
29 қазан 2015 жыл

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Тұпқараған аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы  
И.Науханов  
29 қазан 2015 жыл

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Тұпқараған аудандық көсілкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін уақытша атқарушы:  
Д.Шалабаева  
29 қазан 2015 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК